#ҚАУІПСІЗДІК

Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамау қылмыстық жауапкершілікке де әкеледі

Облысымызда өрт қауіпті маусымның басталуына байланысты төтенше жағдайлар қызметі ескерту жұмыстарын күшейтті. Мамандардың айтуынша, бір сәттік салғырттықтың өзі орман мен дала өрттеріне әкеліп, орны толмас шығынға соқтыруы мүмкін. Сондықтан тұрғындарды қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтауға шақырып отыр.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте облыстық төтенше жағдайлар қызметінің өкілдері орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің бұйрығына сәйкес облыс аумағында өрт қауіпті кезең 13 сәуірден басталғанын хабарлады. Бұл кезеңде табиғи аумақтарда қауіп деңгейі күрт артып, бақылау күшейтіледі.

– Өңірде өрттің алдын алу үшін ауқымды дайындық жұмыстары жүргізілді. Бүгінде облыста 13 орман шаруашылығы, екі мемлекеттік табиғи қорық және бір ұлттық парк бар. Табиғи аумақтарды қорғау ісіне 48 орман өрт сөндіру станциясы мен «Қазавиаорманқорғау» мекемесінің бөлімшелері тартылған. Қауіпті кезеңге қарсы тұру үшін 1329 қызметкер мен 249 техника дайындыққа келтірілген. Оның ішінде 128 өрт сөндіру автокөлігі бар. Сонымен қатар өрт қаупі жоғары аймақтарда жағдайды жедел бақылау мақсатында дрондар қолданылып жатыр. Бұл – өртті ерте анықтап, жедел әрекет етуге мүмкіндік беретін заманауи тәсіл, – деді ШҚО ТЖД мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Нұржан Өміржанов.

Ал өрт сөндіру бөлімшелері жоқ елді мекендерде арнайы өрт сөндіру пункттері ашылып, олардың саны ұлғайтылуда. Мамандар мен орман қызметкерлері арнайы оқытудан өтіп, орман және дала алқаптарын патрульдеу күшейтілген. Бұл шаралардың барлығы тілсіз жаудың алдын алуға бағытталған.

Дегенмен, статистика көрсеткендей, өрттің басты себептерінің бірі – адам факторы. Мамандардың айтуынша, найзағай табиғи себеп болса да, көп жағдайда өрттің шығуына адамдардың салғырт әрекеті әсер етеді. Орманда от жағу, темекі тұқылын тастау, жанғыш заттарды бей-берекет қалдыру – үлкен қауіптің бастауы. Сондай-ақ рұқсат етілмеген жерлерде кәуәп пісіру үшін от жағуға, қоқыс өртеуге де қатаң тыйым салынған.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында жүргізілетін тазалық жұмыстары кезінде де қауіпсіздік талаптарын сақтау аса маңызды. Жиналған қоқысты тек арнайы талаптарға сай, желсіз күні, елді мекендер мен нысандардан кемінде 50 метр қашықтықта ғана өртеу қажет. Сонымен қатар өрттің алдын алу үшін жанында міндетті түрде су, құм немесе өрт сөндіру құралдары болуға тиіс. Ең бастысы – от толық сөнгенше оны қараусыз қалдыруға болмайды.

Мамандар құрғақ шөп пен жапырақты бей-берекет өртеудің, жанғыш қалдықтарды ашық жерде қалдырудың және балалардың отпен ойнауына жол берудің аса қауіпті екенін ескертеді. Мұндай әрекеттердің соңы ірі өртке ұласуы мүмкін.

Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамау әкімшілік қана емес, қылмыстық жауапкершілікке де әкелетінін ұмытпау керек. Сондықтан құтқарушылар әр тұрғынды табиғатқа жанашырлықпен қарап, қарапайым ережелерді қатаң сақтауға шақырады.

Табиғатты қорғау – тек мамандардың ғана емес, барша қоғамның ортақ міндеті. Бір сәттік абайсыздық үлкен апатқа айналуы мүмкін. Сондықтан «от жағам» деген ойдың өзі жауапкершілікпен ұштасуға тиіс.

#ҰМЫТЫЛМАС ЕРЛІК

Мемлекеттік марапат батырдың отбасына табысталды

Адам өмірін құтқару жолында ерлікпен, жанқиярлықпен қаза тапқан Нұрахмет Қымбат төтенше жағдайлар министрінің бұйрығымен «Төтенше жағдайдағы ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Марапатты марқұмның отбасына Шығыс Қазақстан облысы төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Амангелді Еңсегенов табыс етті. Бұл – батырлық үшін, азаматтық парызға деген адалдық үшін көрсетілген жоғары құрмет.

Еске салсақ, өткен жылдың 21 маусымында Нұрахмет Қымбат Марқакөл ауданындағы Ертіс өзенінің жағасында демалып жүрген. Сол сәтте көмекке шақырған дауысты естіп, суға батып бара жатқан екі адамды байқайды. Ойланбастан көмекке ұмтылған ол адамдарды құтқаруға асығады. Алайда өзеннің қатты ағысы мен табиғаттың тосын күші оған мүмкіндік бермей, өкінішке қарай, өзі қаза табады.

Нұрахмет Қымбат өз өмірін өзгені құтқару жолында құрбан етіп, шынайы ерлік пен адамгершіліктің биік үлгісін көрсетті. Оның бұл әрекеті – адам өмірі ең жоғары құндылық екенін дәлелдейтін батылдық пен жауапкершіліктің жарқын көрінісі.

Мұндай ерлік ешқашан ұмытылмайды. Батырдың есімі ел жадында мәңгі сақталмақ.

#ТҮЙТКІЛ

Бейберекет қойылған көліктер өрт сөндірушілерге кедергі келтіруде

Облысымызда өрт сөндірушілердің жұмысына кедергі келтіретін өзекті мәселе қайта көтерілді. Құтқарушылардың айтуынша, тұрғын үйлердің аулаларында қалай болса солай қойылған көліктер төтенше жағдай кезінде адам өміріне тікелей қауіп төндіруі мүмкін. Себебі әрбір секунд маңызды сәтте арнайы техниканың уақтылы жетпеуі ауыр салдарға әкеледі.

Жуырда Астанадағы тұрғын үйлердің бірінде болған өрт бүкіл елдің қабырғасын қайыстырды. 15-ші қабаттағы пәтерден шыққан өрт салдарынан үш бала көз жұмып, анасы ауыр халде ауруханаға жеткізілді. Сол оқиға кезінде аула кіреберісіне қойылған бір ғана көлік арнайы техниканың өтуіне бөгет жасап, өрт сөндіру жұмыстары кешіккен. Кейін көлік жүргізушісіне айыппұл салынды. Алайда бұл шара қайғыны жеңілдетпейтіні анық, балақайларды ешкім қайтара алмайды. Бұл қасірет баршамызға сабақ болуға тиіс.

Мәселенің қаншалықты күрделі екенін көзбен көру үшін облыстық төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері мен полиция өкілдері Өскеменде профилактикалық рейд ұйымдастырды. Оның барысында көптеген аулаларда көліктердің жүйесіз қойылуы өрт сөндіру техникасының қозғалысына айтарлықтай кедергі келтіретіні анықталды. Кей жағдайда өрт сөндіру көліктерінің тұрғын үйлерге жақындауы мүлде мүмкін болмай қалады.

Мамандардың айтуынша, мұндай бейберекет тұрақ тек техниканың жүруіне ғана емес, сонымен қатар адамдарды эвакуациялауға, автосатыларды орналастыруға және өртті жедел сөндіруге де кедергі жасайды. Яғни, бір қарағанда ұсақ көрінетін тәртіп бұзушылық үлкен апат кезінде шешуші рөл атқаруы мүмкін.

Өрт қауіпсіздігі қағидаларының 164-ші тармағына сәйкес ғимараттарға, өртке қарсы су көздеріне апаратын барлық жолдар мен кіреберістер әрдайым ашық әрі қолжетімді болуға тиіс. Бұл талаптар – жай ғана қағаз жүзіндегі ереже емес, нақты өмірді сақтауға бағытталған маңызды нормалар.

Өкінішке қарай, кейбір жүргізушілер бұл талаптарды елемейді. Тұрғын үйлердің кіреберісіне жақын жерлерде көліктер ұзақ уақыт бойы қозғалыссыз тұрып қалады. Мұндай жағдайда көлік иесі уақытында табылмаса, құтқару жұмыстары күрделене түседі. Ал төтенше жағдай кезінде мұндай кідірістің құны тым қымбат болуы мүмкін.

Заң талаптарын бұзған жүргізушілер жауапкершіліктен тыс қалмайды. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 597-бабы 3-бөлігіне сәйкес көлік қозғалысына кедергі келтіргендерге 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл қарастырылған. Биылдың өзінде өңірде осындай құқық бұзушылық үшін 270-тен астам жүргізуші жауапқа тартылған.

Құтқарушылар тұрғындарды қарапайым, бірақ маңызды ережелерді сақтауға шақырады. Атап айтқанда, тұрғын үйлердің кіреберістерін, аулалардағы өту жолдарын және арнайы техникаға арналған орындарды бос ұстау қажет. Бұл – тек заң талабы емес, ең алдымен өз өміріміз бен жақындарымыздың қауіпсіздігі үшін маңызды.

Төтенше жағдайлар қызметі ескертеді: өрт немесе басқа да апат кезінде әрбір минут қымбат. Сол себепті көлігіңізді қалай болса солай қалдыру – тек тәртіп бұзу емес, біреудің өміріне қауіп төндіру.

Бетті әзірлеген –
Ержан КЕҢЕСҰЛЫ